



Өнегелі отбасылар өрелі әңгіме өрбітті

Оразай ЖЕҢІСҰЛЫ

Өскемендеңі облыстық, балалар және жасөспірімдер кітапханасында «Өмір. Өнеге. Өсиет» атты отбасылық подиум өтті. Шарага қатысқан үлгілі екі шаңырақтың иелері көрермен жастарға ақыл-кеңестерін айтып, тәжірибелерімен бөлісті.

Кездесу кешінің кейіпкері – Абзalхановтар мен Мамышевтар отбасы. Әуелі екі шаңырақтың отағалары көрермен қауымға отбасы мүшелерін таныстырып, өз кәсіптері жайында әңгіме өрбітті.

Ерболат Абзalханов – өнер адамы. Ән айтып, әртүрлі мереңкелік кештердің көркі болып жүр. Оған қоса отағасының шынысынықтарының үстінде билейтін өнері де бар көрінеді. Сонысымен бұл күнде той-томалақтарда көпшіліктің көнілінен шығып жүрген жайы бар. Төрт бірдей сырғалының әкесі қыздарын ән айтып, би билеуге баулуда. Аталған кешке ертіл келген қос бұлдыршіні ән шырқап, отбасы мереін және бір тасытты.

– Отбасы деген – шағын мемлекет. Оның береке мен бірлікте өмір сүруі ата-анаға тікелей бай-

ланысты. Менің бақытым да, байлығым да – жарым мен төрт қызым, – дейді Ерболат.

Мамышевтар әүлетінің тірегі – Ринат. Ерболат Абзalханов өнер кенішінде жүрсе, Ринат көмір кенішінде еңбектенеді. Белсенді жұмысы үшін талай мартे мараппатталыпты. Екі атқамінер мен бір кестетігерді тәрбиелеп отыр.

– Отан – отбасынан басталады. Біздің кішкентай жанұмыздың босағасының беріктігі, еліміздің үлкен шаңырағының биіктігі деп білемін. Үл-қыздарымызды өнегелі, ел мақтанышы болар азamat етіп тәрбиелеуге жолдасты екеуміз барымызды салып келеміз, – дейді Ринат.

Кешке жиналған Өскемен политехникалық колледжінің шәкірттері өнегелі отбасылардың әңгімесін тыңдал, ой түйгендерін жеткізді.

– Біз үйде үш үлмyz. Мен –



Тілеубек Шаяхмет

ортанышмын. Ата-анамыздың бізді де мақтан тұтып, үлкен үміт күтептін түсіндім. Мен де отбасыммен мақтана аламын, – дейді аталмыш оқу орнының бірінші курс студенті Асқаржан Телеуғазинов.

Қос отбасы кеш соңында

«Үшеуіміздің суретіміз» атты тренинг ойынға қатысты. Баласы салып бастаған суретті әкесі жалғастырып, анасы аяқтайды. Мамышевтар мен Абзalхановтар бұл сыннан сүрінбеді. Отбасылардың өзара түсіністігі осыдан көрінгендей болды.